

Қ.А. Мұхамбетова¹, Г.Т. Урузбаева¹
Г.Д. Исахова¹, Ә.Қ. Шайлазова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
²«Астана қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, Астана, Қазақстан
(E-mail: k.mukhambetova74@gmail.com, uruzbayeva_gt@enu.kz, issakhova_gd@mail.ru, Ss.asel@mail.ru)

Әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне және басқа да көмекші кәсіптерге руханилықты интеграциялау

Аңдатпа. Руханилық қазіргі уақытта ғылыми пікірталастардың пәні ретінде жалғасып келеді, қарама-қарсы шеңбері «зайырлық - руханилық» шектерінен шығып барады. Сонымен қатар, руханилық мәселелері көмекші мамандықтар тәжірибесіне және бірінші кезекте әлеуметтік жұмысқа интеграциялау жаңа серпілістерге ие болып отыр.

Руханилық тұжырымдамасын талдай отырып, мақала авторлары оның мазмұнына қатысты ең көп таралған көзқарастарға шолу жасайды және де, пікірталастардың негізгі тақырыптарын анықтайды. Руханилықтың діни, мәдени, саяси контекстерін бөліп көрсетуге болады, сонымен қатар, оны көмекші мамандықтар жүйесіндегі араласулардың нәтижелеріне әсер ететін маңызды фактор ретінде қарастыруға болады (медициналық тәжірибе, клиникалық психология, психиатрия). Сонымен қатар, ол, өмірлік мағынаны іздеу және дінде руханилық емдеу мен қорғану детерминанты ретінде әсер ете алады және де осалдық пен тәуекелдерді арттыратын фактор да бола алады.

Зерттеулер көрсеткендей, суицидтік мінез-құлық, тәуелділік, ауыр жарақат, онкология және психиатриялық аурулар жағдайында руханилық дәлелденген және ең тиімді тәжірибе болып табылады. Мақалада, әлеуметтік жұмыскер үшін руханилық саласында біліктілікке ие болу, жеке өзіне және клиентке қатысты мәселелерді түсіну және кәсіби қызметте руханилықпен бетте-бет келуге дайын болуы керек деген маңызды ойлар айтылады.

Мақалада «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер арасында жүргізілген әлеуметтанулық сауалнаманың нәтижелері берілген. Олардың пікірінше, әлеуметтік жұмыскер өз клиенттері үшін өмірдің мәнін табуда жетекші және көмекші ретінде әрекет етеді, ал рухани және практикалық қызметтің бастапқы нүктесі оның жеке көзқарастары мен өмірлік ұстанымдары болып табылады.

Көмекші мамандықтар контекстінде руханилықты зерттеушілердің ең негізгі қорытындыларының бірі, әлеуметтік жұмыс бойынша мамандарды және көмекші мамандықтарды даярлау шеңберінде руханилықты зерттеу.

Түйін сөздер: рухани, дін, әлеуметтік жұмыс, мамандықтарға көмектесу, көмек тәжірибесі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-141-4-490-499>

Кіріспе

Руханилық - бұл ұтымды түсінуге және жұмыс істеуге қиын болатын ұғымдардың бірі. Оның мазмұнына қатысты негізгі ғылыми пікірталастар ХХ ғасырдың екінші жартысында басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Мұның бәрі, ғылыми категория ретінде руханилық туралы ортақ түсінікті дамытуда жаңа, діни емес негіздердің ізделуінде.

Пікірталастарға қарамастан, өзіншілдік мүдделері мен жеке пайдасынан тыс, адамның жеке даму деңгейімен байланысты, руханилық әрқашан жоғары өмірлік құндылықтарға бағдарланумен сипатталады. Руханилық моральмен, адамгершілікпен, мейірімділікпен, еркіндікпен, жанашырлықпен тығыз байланысты, бұл адам өмірінің мәнімен, оның мағыналарымен тығыз байланысты болмыс ұғымдарының біртұтас бөлігі.

Руханилықта адам не үшін өмір сүреді, оның өмірдегі мақсаты қандай, жақсылық пен жамандық, ақиқат пен қателік, әдемі мен ұсқынсыз, т.б сұрақтарға жауап іздеп, өз жауабын табады. Руханилық адамға махаббат, ар-ождан және парыз болу сезімдеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді және де адамға өмірінде ең бастысы не екенін, не үшін өмір сүру керек екендігін, не себептен құрбандық жасау керек екендігін түсіндіреді.

Руханилық пен әлеуметтік жұмыстың байланысы айқын. Әлеуметтік жұмыстың бастауы, қайырымдылық пен жанкештіліктің рухани тәжірибесінің әмбебап формасы ретінде қалыптасты. Әлеуметтік жұмыс өзінің даму процесінде діни руханилық тұжырымдамасынан алшақтап, прагматизацияланды. Осыған қарамастан, оның анықтамасы қазіргі уақытта бастапқы семантикалық өзегін сақтап қалды: мейірімділік пен шеберлік / көмектесу өнері және жанашырлық.

Әлеуметтік жұмыстың гуманистік мақсаты мен негізгі құндылығы – кедейшілік, жетімдік, қарттық, аштық, баспананың болмауы, денсаулықтың нашар болуы, жалғызбастылық, панаһсыздық т.б мәселелері бар адамдардың әлауқаты болып табылады. Бұл дегеніміз, әрбір индивидтің өмірі өте жоғары құндылыққа ие

және бұл өмірдің өзі әрбір адамға қол жетімді болуы керек деген түсініктер. Сонымен қатар, сарапшылар ХХІ ғасырдың бастапқы кездерін «дағдарыстар кезеңі» мен «тәуекелді тұрмыс» деп анықтайды [1, б. 271]. Қоғам мен мәдениеттің жаһандық дағдарысы іс жүзінде адам дағдарысына айналады, «қиын өмірлік жағдай» термині құқықтық салада берік орныққан, ғылыми аппаратта қолданылады және объективті проблемаларды өз бетінше шеше алмайтындығын білдіреді [2], ал көмек практикасы мемлекеттік саясаттың элементіне айналады.

Сонымен, руханилықты заманауи кәсіби көмек тәжірибесіне қалай енгізуге болады? Оны қалай анықтауға болады? Оның көзін қайдан іздеу керек? Оған әлеуметтік жұмыстың ұтымды әдістері мен технологиялары жүйесінде қандай орын беріледі? Руханилық қиын өмірлік жағдайдағы клиент үшін де, оның күнделікті қызметіндегі әлеуметтік жұмыскер үшін де ресурс бола алады ма?

Зерттеу әдістері

Руханилық феноменін объект ретінде анықтай отырып, біз қазіргі заманғы әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне және басқа да көмекші кәсіптерге руханилықты интеграциялау мәселесін зерттеушілік қызығушылықтың негізі ретінде қойдық.

Осы мақалада ұсынылған зерттеудің мақсаты, «руханилық» ұғымының мазмұнына көзқарастарды, оның ішінде оның әлеуметтік жұмыс тәжірибесімен және басқа да көмекші кәсіптермен байланысын зерттеу.

Зерттеудің негізгі әдісі ғылыми әдебиеттерде ұсынылған «руханилық» ұғымының мазмұнын анықтауға деген көзқарастарды талдау, сондай-ақ руханилықтың қазіргі әлеуметтік жұмыс практикасына және басқа да көмекші мамандықтарға интеграциялануы туралы пікірлерге шолу болды.

Сонымен қатар, 2021 жылдың қыс мезгілінде (қаңтар-ақпан) студенттер арасында жүргізілген социологиялық сауалнаманың нәтижелері ұсынылған. Сауалнамаға, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің бакалавриат «Әлеу-

меттік жұмыс» білім беру бағдарламасының 2-4 курсының қазақ және орыс бөлімдерінде оқитын 114 студент қатысты. Респонденттерді іріктеудің басты критерийі «Әлеуметтік жұмыс» Білім беру бағдарламасы бойынша оқуы. Сауалнама ақпараттандыру, еріктілік, құпиялылық және анонимдік қағидаттарын сақтай отырып жүргізілді. Сауалнамаға жүктелген негізгі міндет студенттердің рухани мәселелер бойынша пікірлері мен сенімдерін анықтау.

Әлеуметтанулық сауалнама (анкета) респонденттерге жазбаша немесе ауызша түрде арнайы таңдалған сұрақтар қойылып, оларға жауап беруді сұрайтын әдіс. Сауалнама зерттелетін мәселе құжаттық дереккөздермен жеткілікті қамтамасыз етілмеген немесе мұндай дереккөздер мүлде болмаған жағдайда қолданылады. Оның көмегімен олар адамдардың қажеттіліктері, қызығушылықтары, мотивациялары, көңіл-күйлері, сенімдері туралы ақпарат алады [3, б.201-202].

Сауалнама, біріншіден, зерттеушілердің мазмұны эмпирикалық көрсеткіштер деңгейінде зерттелетін мәселені білдіретін сұрақтармен адамдардың белгілі бір тобына ауызша немесе жазбаша жүгінуін қамтамасыз етеді. Екіншіден, алынған жауаптарды тіркеу және статистикалық өңдеу, сондай-ақ оларды теориялық түсіндіру болып табылады.

Сауалнаманың негізгі құралы – анкета – бірнеше жауаптары бар құрылымдық сұрақтар жиынтығы. Анкета «руханилық» ұғымының мазмұны мен оған қойылған мәнге, дін мен руханияттың арақатынасына, адамның рухани дамуы мен дағдарыстарға қатысты пікірлер мен сенімдер, руханилықтың әлеуметтік жұмыстағы орны, руханилық контекстіндегі әлеуметтік қызметкердің қажетті қасиеттері туралы қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік беретін 24 жабық сұрақтан тұрды.

Талқылау

Руханилық тақырыбы әлі күнге дейін пікірталас тудырады және өкінішке орай шатастырады. Көптен бері руханилық тек діни тұрғыда талданды, оны зерттеу теологтар мен діни

философтарының құзыреті болып келеді. Бірақ секуляризация бұл түсініктердің ажыратылуына және руханилық түсінігін ғылыми келістерде қайта қарастыру керек екендігіне алып келді (психологияда, социологияда, медицинада). Сонымен қатар, анықтамасы бойынша онша қиылыспайтын діни және зайырлы деген дискурстардың өзара әрекеттесуі туралы мәселе сөзсіз туындады. Сонымен, зайырлы және діни руханилыққа қарсы діни контекстті толығымен алып тастау керек пе?

К. А. Колкунова және Т. В. Малевич жазғандай, «ғылыми термин ретінде руханилық көбінесе көлемі бойынша өте кең, бірақ соңына келгенде, мағынасыз гибриді конструкт» [4, б. 73]. Дәл осындай көзқарасты Томас Нериссон «Руханилықты анықтау: пікірталас генеалогиясы» (Définir la spiritualité: une généalogie des débats, 2021) кітабында алға тартады: «Бүгінгі таңда руханият ұғымының әртүрлі интерпретациялары бар болғандығына қарамастан, олар теориялық және теологиялық қарама-қайшылықтарға ие, бұл оларды іштей үйлесімсіз етеді» [5, б. 242].

Руханилықтың эмпирикалық және тұжырымдамалық шекараларын зерттей отырып, Нэнси Т.Аммерман (Nancy T. Ammerman) «Рухани, бірақ діни емес пе? Дінді зерттеудегі бинарлы таңдаудан тыс» (Spiritual But Not Religious? Beyond Binary Choices in the Study of Religion, 2013) оның айтуынша «дін модернизацияға жауап ретінде өзінің тәжірибелік тұрақтылығын дәлелдеп қана қойған жоқ, сонымен бірге ол шашыраңқы, дараланған руханилықпен алмастыру жағдайынан бас тартты» [6, с. 32-33].

Нэнси Аммерманның жүргізген социологиялық зерттеуі, еуропалық және американдық мәдениетте руханилық талқыланатын үш ерекше мәдени дискурсты анықтады: 1) этикалық, моральдық таңдау мен міндетке байланысты; 2) теистік, құдайға үндеу және діннің ұйымдасқан түрлері; 3) теистіктен тыс, трансцендентке бет бұрған. Автордың пайымдауынша, бинарлы қарама-қайшылықтармен шектелудің қажеті жоқ, руханилық діни институттардың ішінде де, олардың сыртында да бар. Айырмашылықтар емес, сәйкестік

аймақтарына назар аударған дұрыс, әсіресе шекаралар көбінесе тұрақсыз болып шығады.

Жоғарыда аталған зерттеушілер К.А.Колкунова және Т.В. Малевич «руханият» ұғымымен жұмыс істеудің діни, мәдени, саяси контекстерін ажыратады. Авторлар орыстіді ғылыми мәтіндердегі руханилықтың түсіндірмелерін сыни тұрғыдан талдап, қорытындылады [4, б. 76-84]:

1. Руханилық мәдениеттің жалпы маңызды құндылықтарын сiңiру ретiнде, руханилық өзара әрекеттесу кезінде адамның жеке басын, оның моральдық негізін құрайтын моральдық және ерікті элементтердің қатар өмір сүруіне баса назар аударады.

2. Діни дүниетаным контекстіндегі руханилық, адам мен Құдайдың бірлесуі немесе адамның Құдаймен байланысы, діни дәстүр аясындағы жанның рухпен қосылуы ретінде.

3. Руханилық жеке адамның шегінен шығуы ретінде, адамның өзiмшiлдiк пен өз тәжірибесінің шектеулерін жеңуі, жеке шектеулерден асып өтіп, адам өмірінің мағынасын табуы және өзін-өзі дамыту проблемаларына тап болуы.

4. Руханилық білім ретінде, шығармашылық ретінде, адамның дүниені тануының ең жоғарғы деңгейі ретінде адам тіршілігімен шектеледі, адам өмірінің жемісі болып табылады, ол белсенді әрекет процесінде жүзеге асырылады.

5. Ментальдылықтың бір бөлігі ретінде ол патриотизм, сенім, собор (үлкен шіркеу) және ақыл-оймен қатар, руханилық оның қажетті элементі болып табылады. К. А.Колкунова мен Т. В.Малевичтің ескертулері бойынша, бұл дискурс таза орыс тілінен шыққан және саяси коннотацияға ие.

6. Руханилық идеалды іздеу мен «алтын ғасырды» армандау ретінде, авторлардың пікірінше, бұл мағынасы жағынан өте анық емес және түсініксіз.

Тағы бір нұсқа - руханилықты мағына көлемі бойынша элементтерді санау арқылы қарастыру. Бұл жағдайда, руханилық бірнеше деңгейден тұратын көп өлшемді (әлеуметтік, ділдік және киелі) немесе мазмұндық элементтерді қамтитын (мәдениет, этика, салт-дәстүр,

мәнді сенім, жанашырлық, басқа біреудің қайғысын уайымдау және басқа да құндылықтық қасиеттер) ұғым ретінде түсіндіріледі. Біздің ойымызша, бұл әдіс айтарлықтай конструктивті және қолданбалы зерттеулерге ыңғайлы.

Авторлар, мысал ретінде шолу жасауға Г.В. Платонов пен А.Д.Косичевтің жеті құрамдас бөліктен тұратын руханилық үлгісін келтіреді: 1) жалпыадамзаттық құндылықтар (сенушілер үшін бұл Құдайға деген сүйіспеншілік, барлық адамдар үшін бұл - Отанға деген сүйіспеншілік; 2) идеялық-эмоционалдық биіктік пен шабыт; 3) эстетикалық сезім; 4) моральдық жауапкершілік; 5) жанашырлық; 6) ақиқатқа ұмтылған интеллект мен ғылым; 7) экологиялық жауапкершілік [4, б. 85].

Қазіргі уақытта медициналық және клиникалық психология, сондай-ақ психиатрия аясында жүргізілген зерттеулердің тұтас қабаты жинақталған. Оларда руханилық пен діндарлық пациенттердің өмір салтына, олардың өмір сүру сапасына, аурулардың ағымы мен нәтижесіне әсер ететін ең маңызды факторлар болып табылады. Руханилық (діндарлықпен бірге) салютогендік деп аталатын орта мен қатынастардың қалыптасуының маңызды детерминанты болып табылатыны атап өтіледі. Клиникалық тәжірибеде «салютогенез» термині пациенттерді оңалту кезіндегі жағымды (қолайлы) өзгерістерді білдіреді [7, б. 53].

Клиникалық зерттеулерде руханилық трансцендентальды идеяларға негізделген мистикалық толғаныстарына қатысты адам тәжірибесінің бөлігі ретінде қарастырылады. Діндарлық, керісінше, пациенттің жеке басына бірегейленеді және ол тек ғана медицинамен өзара әрекеттесу жағдайының тәжірибесіне әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар дүниетанымын және мағыналарының қалыптасуын анықтайды [8, б. 46, 47]. Сонымен бірге, руханилық пен діндарлық арасында бөлінетін сызықтар сызылмайды, бұл ұғымдарды белгілеу үшін бірегей РД аббревиатурасы қолданылады. Осылайша, дін мен діндарлық бұл жерде руханилықтың бір бөлігі ретінде медитация, йога, шығармашылық және т.б. қабылданады.

Зерттеушілер мына фактілерге назар аударады, яғни руханилық, өмір мағынасын іздеу және дін тек ғана емдеуші және қорғаушы фактор ретінде ғана болмайды, ол осал болу және психопатологиялық белгілер қалыптасуына әсер ететін фактор ретінде де кездеседі [9, б. 92].

Жалпы клиникалық тәжірибе үшін маңызды кезең, біздің ойымызша, Дүниежүзілік психиатрлар қауымдастығының атқарушы комитетінің дін мен руханилықтың күнделікті психиатриялық тәжірибенің, ғылыми зерттеулердің, жалпы медициналық білім берудің және психиатриялық ординатурада оқытудың бір бөлігі екенін, саяси және қоғамдық салалардағы сияқты мойындауы болды.

2015 жылдың желтоқсан айында психиатриядағы дін мен руханилықтың жағдайы туралы мәлімдеменің жеті ұсынымы бекітілді. Петер Дж. Ферхаген (Peter J. Verhagen, 2021) осы мәлімдеменің негізгі Ережелерін жариялады [9, 92-97 бет]:

1. Пациенттердің діни нанымдары мен әдет-ғұрыптары, сондай-ақ олардың руханилығын ескерілу және әдептілікпен қарастырылу керек, бұл психикалық аурудың пайда болу алғышартының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

2. Үздіксіз кәсіби дамудың құрамдас бөлігі ретінде, психиатриялық мамандарды даярлауда маңызды компонент болатын, психикалық бұзылыстар этиологиясы, диагностикалау және емдеуде дін мен руханилықты түсіне білу.

3. Психиатрияда діни дүниетаным мен руханилықтың рөлі, әсіресе олардың клиникалық қолданылуы туралы қосымша зерттеулер қажет. Бұл зерттеулер әртүрлі мәдени және географиялық ерекшеліктерді қамтуы керек.

4. Дін мен руханилыққа деген көзқарас адамға бағытталған болуы керек. Психиатрлар өздерінің кәсіби жағдайын рухани немесе зайырлы дүниетанымды насихаттау үшін пайдаланбауы керек. Психиатрлардан әрқашан пациенттерінің сондай-ақ, олардың отбасы мүшелері мен оларға қамқорлық жасайтын адамдардың рухани/діни сенімдері мен әдет-ғұрыптарын құрметтейтін және оларға

жанашыр, кішіпейіл бола алатын күтілімдер болуы қажет.

5. Психиатрлар, олардың кәсіби сенімдеріне қарамастан, пациенттерінің әл-ауқатын қолдау үшін діни бірлестіктердің жетекшілерімен/мүшелерімен, капелландармен, пасторалық қызметкерлермен және қоғамдастықтың басқа мүшелерімен жұмыс істеуге дайын болуы керек және олардың пәнаралық жұмысын ынталандыруы керек. Әріптестер де солай жасау керек.

6. Психиатрлар, психикалық сауықтыру жұмысын таңдауда және қалыптастыруда, көптеген қызметкерлер мен еріктілер үшін руханилық пен дін маңызды рөл атқаратын туралы өздері хабардар болуы керек, және де оған құрмет пен кішіпейімділікті көрсете білуі керек.

7. Психиатрлар діни, рухани және зайырлы дүниетанымдар мен тәжірибелердің ықтимал пайдасы мен зияны туралы хабардар болуы және денсаулық пен әл-ауқатты қолдау мақсатында бұл ақпаратты сыни және барынша кең қоғамдастықтармен бөлісуге дайын болуы керек.

Медициналық мекемелердің жұмысына әлеуметтік жұмыскерлер мен психологтар тартылғандықтан, бұл ұсыныстарды білу олардың клиенттермен және олардың отбасылармен жұмыс істеуі үшін маңызды. Одан бөлек, бұл басқа жағдайларда да, клиент өмірінің кең контекстін көруте мүмкіндік береді.

Алексис Гарсия-Айронстың (Alexis Garcia-Irons, 2018) зерттеуінде, әлеуметтік жұмыс тәжірибесі контекстіндегі клиентке араласуының қажетті элементі ретінде руханилық мәселесі қойылады. Түсініктің шектік сұрақтарына онша мән берместен, Алексис Гарсия-Айронс руханилықты сыртқы немесе өзімізден жоғары нәрсемен байланыс сезімі ретінде анықтайды; өмірге және ондағы болып жатқан оқиғаларға мән мен мақсат беретін нәрсе ретінде қарастырады. Дін бұл жерде рухани сезімді

білдірудің бір тәсілі ретінде әрекет етеді (рәсімдер мен тәжірибелер арқылы) [10, 12 б.].

Алексис Гарсия-Айронс дұрыс айтып өткендей «руханилық - бұл клиенттердің жоға-

ры күшке сенетініне немесе сенбейтініне қарамастан, өз өмірлерін басқаратын сенім жүйесі. Егер, бұл аспект араласуды жоспарлау кезеңіне енгізілмесе, онда іс жүзінде клиенттің бір бөлігі жоқ болады» [10, 5-бет].

Бірнеше зерттеулерге сілтеме жасай отырып, ғалым бүкіл әлемдегі әлеуметтік жұмыскерлерді, өз жұмыстарында руханилық факторын жақсырақ ескеруге шақырады. Бұл әсіресе, психикалық денсаулыққа, суицидтік мінез-құлыққа, мүгедектікке, соғыс қимылдарына қатысуына, қандай да бір ауыр жоғалту тәжірибесіне, сондай-ақ діни клиенттермен кәсіби қарым-қатынас болған жағдайларға қатысты.

Руханият саласындағы құзыреттілік (оның ішінде діни тұрғыдан алғанда), жеке жағдай тұрғысынан онымен байланысты мәселелерді түсіну әлеуметтік жұмыскер үшін араласуды жоспарлауда маңызды ресурс болып табылады. Күшті жақтар келістері бойынша, бұл әлеуметтік жұмыскерге клиентті қиын өмірлік жағдайдан белсенді түрде жеңуге тарта отырып, көмек жоспарын құруға көмектесетін рухани құрамдас бөлік.

Нәтижелер

Көмекші мамандықтар контекстіндегі руханиятты зерттейтін ғалымдардың негізгі қорытындылары, университеттерде білім беру бағдарламаларында руханиятты оқытуды еңгізу болып табылады. Тиісті зерттеулерге тартылған және талқыланып жатқан құбылыстармен бетпе-бет келген мамандардың өздері руханиятты өз тәжірибесінде пайдалану үшін жеткілікті дайындықтары жоқтығын айтады, кәсіби қызметінде руханилықтың қақтығыстары болуы мүмкін туралы алаңдаушылық білдіреді, руханилық пен тәжірибені біріктірудің адекватты үлгілерінің жоқтығын айту. Бастысы респонденттер мәдени тұрғыда дін мен руханилықтың байланысты екеніне сенуі керек, ал өздерінің тәжірибесінде оны қолдану керек пе жоқ па оған сенімсіз болуы керек [10, с. 9].

Әлеуметтік жұмыстың тарихы халықтың әлсіз топтарын қорғау мен олардың мүмкіндіктерін арттыруда көмек беру құндылықтарының негізінде рухани және діни байланы-

стардың бар екендігін көрсетеді. Әлеуметтік жұмыстың басзалық бірегейлігі руханилықпен ұштасып, Этикалық кодексте жазылған және кәсіби мамандар оны мойындаған. Сонымен қатар, ауыр жағдайлар тәжірибелерінде мысалы, өзін-өзі өлтіру, психобелсенді заттарды қолдану, онкологиялық және психиатрлық аурулар т.б. да руханилық қазіргі кезде дәлелденген практика болып отыр.

Л.Н. Лумилев атындағы ЕҰУ-нің студенттері арасында жүргізілген социологиялық сауалнаманың көрсетуі бойынша, студенттер руханилықты өздерінің жеке тұлғалық аспектілерімен байланыстыра отырып, күнделікті жағдай ретінде қарастырады. Төменде сауалнаманың маңызды нәтижелерін қарастырамыз.

1. Болашақ әлеуметтік жұмыскерлерге руханилық, ол көбінде интуиция мен шығармашылық шабытпен байланысты, санадан жоғары немесе жоғары бейсаналықпен байланысты мағынаны білдіреді. Сауалнамаға қатысушылар әлеуметтік жұмыс пен діннің, дін мен руханилықтың бастапқы кезден байланысты екендігін түсінеді, дегенмен олар бұл түсінікке көп көлемді субъективті мазмұндама береді.

2. Респонденттер үшін тұлғаның рухани оянуы, ең алдымен, тәндік сезімдер мен толғанулар, содан кейін ғана жеке «Менді» жеңу болып табылады. Жеке тұлғаның рухани даму процесін олар дағдарыстарды жеңу деп түсінеді; сонымен қатар өмірдің мағынасын іздеу. Рухани дағдарыстар нақты тәжірибе мен өткен тәжірибенің сәйкес келмеуі, дүниемен мәні мен байланысын жоғалту нәтижесінде туындайды, дегенмен, адамды дамудың жаңа деңгейіне, әлеммен қарым-қатынасының жаңа деңгейіне жетелейтін осы дағдарыстар болып табылады.

3. Сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, рухани жан-дүние оның жеке бастамалары, индивидуалдылығын қосу арқылы толықтырылады. Сонымен қатар, әлеуметтік – ол, руханилық пен мәдениетке қарама-қарсы, бірақ адам саналы түрде мұраттарға, кемелдікке және жоғары құндылықтарға ұмтылуы керек (бұл респонденттердің пікірінше, рухтың оянуы).

4. Болашақ әлеуметтік жұмыскерлер, рухани-практикалық іс-әрекеттің бастапқы нүктесі адамның жеке көзқарастары және оның өмірлік принциптері деп санайды. Бастысы, нақты осы қағидаларға сәйкес адамдар өз шекараларын әлеуметтік нормалардан анықтайды және өмірлік мағынаға қатысты сұрақтарды шешетінін респонденттердің түсінетіндігінде.

5. Әлеуметтік жұмыскер өз клиенттері үшін өмірдің мәнін табуға жетекші және көмекші ретінде әрекет етеді, сонымен қатар өз қызметі арқылы қоғамдық санаға әсер етеді. Әлеуметтік жұмыстағы руханилық мәселе тұрғысында, әлеуметтік жұмыскер үшін, жоғары моральдық әлеует, жалпы мәдениет, зияткерлік сияқты қасиеттер жеке тұлға ретінде маңызды болып табылады.

Қорытынды

«Руханилық» ұғымының теориялық күрделілігі руханилықтың біртұтас ғылыми тұжырымдамасының әлі жасалмағандығымен анықталады. Бұл концепцияның мазмұнын түсіндіру руханилықтың діни де, зайырлылық анықтамаларын да, ғылыми және күнделікті дискурстарда, сонымен қатар әртүрлі деңгейлер мен элементтерді қамтитын үлкен континуумды құрайтындығында. Бұл сонымен қатар, руханилықты зерттеу және көмекші кәсіптердің тәжірибелеріне тиімді қосу үшін тиімді етудің қиындығын анықтайды.

Қазіргі уақытта руханилық мұқтаж адамдарға және олардың клиенттеріне/пациенттеріне көмек көрсету процестеріне қатысты кәсіби мамандардың өміріне әсер ететін фактор болып табылады. Руханилық дінмен қатар өмір салтына енуі мүмкін, сонымен қа-

тар шешім қабылдау процестеріне, қарым-қатынас орнатуға, кәсіби араласуға деген адалдық пен сенімге әсер етуі мүмкін.

Әлеуметтік жұмыскерлер, психологтар, дәрігерлер өмірінде руханилық маңызды орын алатын немесе олардың жеке басының бірегейлігі болып табылатын клиенттермен жұмыс істеуге дайын болуы керек. Бұл дінді ұстану, рухани/шығыс тәжірибелеріне құштарлық, шығармашылық ізденіс немесе дағдарысты бастан өткеру туралы болуы мүмкін. Клиникалық жұмыста руханилық салюттогендік әсер етіп қана қоймай, қолданбалы араласулардың сәтті өтуіне кедергі болатын патологиялық фактор ретінде де әрекет ете алады.

Әлеуметтік жұмыс оның қалыптасу ерекшеліктеріне, кәсіби этикасына және қолдау мен көмек құндылықтарына байланысты руханилыққа жақын болып қалыптасқан. Әлеуметтік қызметкер клиенттің руханиятының жағымды ресурсын ашатын және оны араласу жоспарына қосатын маман бола алады: бұл діни немесе рухани тәжірибе болуы мүмкін, сонымен қатар музыка тыңдау, кино көру, кітап оқу немесе клиент көргісі келетін, бірақ еш батылы жетпейтін жерлерге бару. Бұған жазушылық, жазу, сурет салу, сомдау және т. б. Қосуға болады.

Әлемнің әртүрлі бөліктерінде жүргізілген зерттеулерде, рухани құбылыстарға тап болмас бұрын мамандардың шатасуын және осы салада дайындықтың жоқтығын көрсетеді. Бұл университеттердің білім беру бағдарламаларында руханилықты оқыту және осы мәселелерді кәсіби құзыреттілікке енгізу, арнайы курстарды құрастыру қажеттілігін білдіреді.

Әдебиеттер тізімі

1. Грызунова Е.А. Концепции кризиса социальной системы: сравнительный анализ. [Электрон. ресурс] – 2022. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontseptsii-krizisa-sotsialnoy-sistemy-sravnitelnyy-analiz> (дата обращения: 10.04.2022).
2. О специальных социальных услугах. Закон Республики Казахстан от 29.12.2008 № 114-IV. Ст.1, п.8, ст. 6, пп.1-12.
3. Ядов В.А. Стратегия социологического исследования: описание, объяснение, понимание социальной реальности. – Москва: Омега-Л, 2009. – 567 с.

4. Колкунова К.А., Малевич Т.В. Понятие «духовность» в современной российской литературе. [Электронный ресурс] – 2022. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-duhovnost-v-sovremennoy-rossiyskoy-literature> (дата обращения: 04.05.2022).
5. Nérissou Thomas. Définir la spiritualité: une généalogie des débats. [Электронный ресурс] – URL: <https://doi.org/10.7202/1088162ar> (дата обращения: 04.05.2022).
6. Ammerman Nancy T. Spiritual But Not Religious? Beyond Binary Choices in the Study of Religion [Электронный ресурс] – URL: <https://hdl.handle.net/2144/5449> (дата обращения: 20.05.2022).
7. Таратухин Е.О. Духовность и религиозность в контексте психосоциальных факторов риска сердечно-сосудистой патологии [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/duhovnost-i-religioznost-v-kontekste-psihosotsialnyh-faktorov-riska-serdechno-sosudistoy-patologii> (дата обращения: 04.08.2022).
8. Родионова Ю.В., Часовских Г.А., Таратухин Е.О. Фактор духовности и религиозности в клинической работе: концептуализация проблемы. [Электронный ресурс] – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/faktor-duhovnosti-i-religioznosti-v-klinicheskoy-rabote-kontseptualizatsiya-problemy> (дата обращения: 04.08.2022).
9. Ферхаген П.Дж. Положение религии и духовности в психиатрии: семь рекомендаций. [Электронный ресурс] – URL: <https://doi.org/10.30629/2618-6667-2021-19-4-90-99> (дата обращения: 04.08.2022).
10. Garcia-Irons Alexis. The place of spirituality in social work: practitioners' personal views and beliefs. [Электронный ресурс] – URL: <https://scholarworks.lib.csusb.edu/etd/656> (дата обращения: 01.05.2022).

К.А. Мухамбетова¹, Г.Т. Урузбаева¹, Г.Д. Исахова¹, А.К. Шайлазова²

Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

КГУ «Центр занятости населения акимата города Астана», Астана, Казахстан

Интеграция духовности в практику социальной работы и других помогающих профессий

Аннотация. В настоящее время духовность продолжает оставаться предметом научных дискуссий, все больше выходящих за рамки противопоставлений «светское - религиозное». Более того, проблема духовности приобретает новое звучание в контексте ее интеграции в практику помогающих профессий, и социальной работы, в первую очередь.

Анализируя концепт духовности, авторы статьи обращаются к обзору наиболее распространенных точек зрения на его содержание и определяют основной предмет дискуссий. Можно выделить религиозные, культурные, политические контексты духовности, а также рассматривать ее в качестве важнейшего фактора, влияющего на результаты вмешательств в системе помогающих профессий (медицинская практика, клиническая психология, психиатрия). При этом духовность, поиски смысла жизни и религия могут выступить в качестве защитных и исцеляющих детерминант, так и оказаться фактором повышения уязвимости и рисков.

Исследования показывают, что духовность является доказанной и эффективной практикой в случаях суицидального поведения, зависимостей, тяжелых травм, онкологии и психиатрических заболеваний. В статье проводится мысль, что для социального работника важно обладать компетентностью в сфере духовности, понимать проблемы, связанные с ней в отношении отдельного клиента и быть готовым столкнуться с духовностью в профессиональной деятельности.

В статье приведены результаты социологического опроса студентов, проходящих обучение по образовательной программе «Социальная работа». Согласно их мнениям, социальный работник выступает проводником и помощником в обретении смысла жизни для своих клиентов, а исходной точкой духовно-практической деятельности являются его личные взгляды и жизненные принципы.

Одним из важных выводов, к которым приходят исследователи духовности в контексте помогающих профессий, является настоятельная необходимость изучения духовности в рамках подготовки специалистов по социальной работе и других помогающих профессий.

Ключевые слова: духовность, религия, социальная работа, помогающие профессии, практики помощи.

K.A. Mukhambetova¹, G.T. Uruzbaeva¹, G.D. Issakhova¹, A.K. Shailazova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²MSI «Employment Center of the Akimat of Astana city», Astana, Kazakhstan

Integration of spirituality into the practice of social work and other helping professions

Abstract. Currently, spirituality continues increasingly going beyond the «secular-religious» juxtapositions. Moreover, the problem of spirituality acquires a new sound in the context of its integration into the practice of helping professions, and social work. Analyzing the concept of spirituality, the authors of the article turn to overview of the most common points of view on its content and determine the main subject of discussions. Religious, cultural, and political contexts of spirituality can be distinguished, and it can also be considered the most important factor influencing the results of interventions in the system of helping professions (medical practice, clinical psychology, psychiatry). At the same time, spirituality, the search for the meaning of life, and religion can act as protective and healing determinants, and turn out to be a factor in increasing vulnerability and risks.

Studies show that spirituality is a proven and effective practice in cases of suicidal compulsion, addiction, severe trauma, oncology, and psychiatric diseases. The article suggests that it is important for a social worker to have competence in the field of spirituality, to understand the problems associated with it in relation to an individual client, and to be ready to face spirituality in professional activity.

The article presents the results of a sociological survey of students studying under the «Social Work» educational program. According to their opinions, a social worker acts as a guide and assistant in finding the meaning of life for his /her clients, and the starting point of spiritual and practical activity is his / her personal views and life principles.

One of the important conclusions that researchers of spirituality come to in the context of helping professions is the urgent need to study spirituality in the framework of training specialists in social work and other helping professions.

Keywords: spirituality, religion, social work, helping professions, helping practices.

References

1. Gryzunova E.A. Konceptii krizisa social'noj sistemy: sravnitel'nyj analiz [Concepts of the crisis of the social system: comparative analysis]. [Electronic resource] – Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontseptsii-krizisa-sotsialnoy-sistemy-sravnitelnyy-analiz> (Accessed: 10.04.2022). [in Russian].
2. О special'nyh social'nyh uslugah. Zakon Respubliki Kazahstan ot 29.12.2008 № 114-IV. St.1, p.8, st. 6, pp.1-12. [About special social services. The Law of the Republic of Kazakhstan № 114-IV dated 29.12.2008, Art.1, p.8, art. 6, p.1-12.]. [in Russian].
3. Yadov V.A. Strategiya sociologicheskogo issledovaniya: opisanie, ob'yasnenie, ponimanie social'noj real'nosti [Strategy of sociological research: description, explanation, understanding of social reality] (Moscow, Omega-L, 2009. 567 p). [in Russian].
4. Kolkunova K.A., Malevich T.V. Ponyatie «duhovnost'» v sovremennoj rossijskoj literature [The concept of «spirituality» in modern Russian literature]. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-duhovnost-v-sovremennoj-rossiyskoj-literature> (accessed 04.05.2022).
5. Nérisson Thomas. Définir la spiritualité: une généalogie des débats [Defining spirituality: a genealogy of debates]. Available at: <https://doi.org/10.7202/1088162ar> (accessed 04.05.2022). [in French].
6. Ammerman Nancy T. Spiritual But Not Religious? Beyond Binary Choices in the Study of Religion, Boston University. Available at: <https://hdl.handle.net/2144/5449> (accessed 20.05.2022).
7. Taratuhin E.O. Duhovnost' i religioznost' v kontekste psihosocial'nyh faktorov riska serdechno-sosudistoj patologii [Spirituality and religiosity in the context of psychosocial risk factors for cardiovascular pathology]. [Electronic resource] – Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/duhovnost-i-religioznost-v-kontekste-psihosotsialnyh-faktorov-riska-serdechno-sosudistoy-patologii> (accessed 04.08.2022). [in Russian].
8. Rodionova Yu.V., Chasovskih G.A., Taratuhin E.O. Faktor duhovnosti i religioznosti v klinicheskoy rabote: konceptualizaciya problem [The factor of spirituality and religiosity in clinical work: conceptualization

of the problem]. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/faktor-duhovnosti-i-religioznosti-v-klinicheskoy-rabote-kontseptualizatsiya-problemy> (accessed 04.08.2022). [in Russian]

9. Ferhagen P. Dzh. Polozhenie religii i duhovnosti v psixiatrii: sem' rekomendacij [Position Statement on Religion and Spirituality in Psychiatry: Seven Recommendations]. Available at: <https://doi.org/10.30629/2618-6667-2021-19-4-90-99> (accessed 04.08.2022). [in Russian].

10. Garcia-Irons Alexis. The place of spirituality in social work: practitioners' personal views and beliefs. Available at: <https://scholarworks.lib.csusb.edu/etd/656> (accessed 01.05.2022).

Автор туралы мәлімет:

Мұхамбетова Қ.А. – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, әлеуметтану кафедрасының аға оқытушы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, А. Янушкевич көшесі, 6, Астана, Қазақстан.

Урузбаева Г.Т. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, әлеуметтану кафедрасының профессоры. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, А. Янушкевич көшесі, 6, Астана, Қазақстан.

Исахова Г.Д. – әлеуметтік жұмыс магистрі, әлеуметтану кафедрасының аға оқытушы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, А. Янушкевич көшесі, 6, Астана, Қазақстан.

Шайлазова Ә.Қ. – әлеуметтік жұмыс магистрі, кеңесші, «Астана қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, Бейбітшілік көшесі, 9, Астана, Қазақстан.

Mukhambetova K.A. – Candidate of Sociological Sciences, Senior Lecturer of the Department of Sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Astana, Kazakhstan.

Uruzbaeva G.T. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Professor of the Department of Sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Astana, Kazakhstan.

Issakhova G.D. – Master of Social Work, Senior Lecturer of the Department of Sociology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 Yanushkevich str., Astana, Kazakhstan.

Shailazova A.K. – Master of Social Work, Consultant, MSI «Employment Center of the Akimat of Astana city», 9 Beibitshilik str., Astana, Kazakhstan.